

**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Асықата» Жетісай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
2025 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
туралы талдамалық анықтама**

Асықата кенті

04 тамыз 2025 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз. «Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа карсы қызмет) Төрағасының 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары»; Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы Жетісай аудандық «Асықата» ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 25.06.2025 жылғы №102-н/к бұйрығы.

2. Сыбайлас тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы Жетісай аудандық «Асықата» ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (бұдан әрі Кәсіпорын) мен оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметі.

3. Ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

Топ төрағасы :

- Н.Б.Смайлов - басшының медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары,

Топ мүшелері:

- Е.С.Сопбеков – басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары;
- Е.Е.Абдираимов – басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары;
- А.М.Дарменова – басшының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары;
- Р.Т.Агайдарова – провизор;
- Б.А.Бекаева – бас есепші;
- К.Ж.Намиалиев – мемлекеттік сатып алу есепшісі;
- Д.С.Джанабекова – заңгер;

- Д.Б.Тилемисова – мамандар бөлімінің инспекторы, енгізілген жұмысшы топ.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2025 жылдың 02 шілде - 13 тамыз аралығы.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамту кезеңі:

2024 жыл мен 2025 жылдың 13 тамызы аралығы.

6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1) Кәсіпорнының бөлімшелердің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімінің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік құқықтық актілер, басқада құқықтық актілерді қарастырады.

«Асықата» Жетісай аудандық ауруханасы» бекітілген жарғы негізінде жұмыс атқарады. Аурухана құрамында 1 емхана, 7 дәрігерлік амбулатория, 2 бастапқы медико-санитарлық көмек орталығы, 26 фельшерлік акушерлік пункт, 8 медициналық пункт және 3 мобильді бригада қызмет көрсетуде. Аурухана қызметінде 21 автокөлік бар, барлығы жұмыс қалпында. Қазіргі таңда Кәсіпорында барлығы 1114,25 штаттық бірлікте 1074 қызметкер жұмыс жасайды.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БОЙЫНША

«Асықата» Жетісай аудандық ауруханасында қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне бос орындарды көрсетіп **enbek.kz** сайтында жұмыссыз болып тіркелген мамандықтары бойынша мамандарды бөлімнің жолдамасымен жұмысқа қабылданады. 2025 жылдың сәуір айынан бастап «**In Craft**» ЖШС мен келісім шартқа отырып **Jumys Smart Nation** порталы іске қосылды. Бұл портал медициналық мекемеде бос орын туралы **enbek.kz** сайтына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен жай бойынша үміткер өз құжаттарын **Jumys Smart Nation** порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді. Жұмысқа қабылдау екі кезеңнен тұрады.

1 кезең тестілеу – үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тестті өту мәресі 60% кем болмауы тиіс.

2 кезең тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірибелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады. Бұл процесс жоғарғы бәсекелестікке ие орта буын медициналық қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірде бір құралы болып табылады. 2024 жылдың тамыз айынан бастап, 2025 жылдың шілде айына дейін жалпы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны - 95; оның ішінде – дәрігерлер – 15, орта буын медициналық қызметкерлер – 47, кіші буын медициналық қызметкер – 13, басқалары – 20.

2024 жылдың тамыз айынан бастап, 2025 жылдың шілде айына дейін жалпы еңбек шартын тоқтатқан қызметкерлер саны – 84; оның ішінде дәрігерлер – 10, орта буын медициналық қызметкерлер – 46, кіші буын медициналық қызметкер – 12, басқалары – 16.

ЖАҚЫН ТУЫСТЫҚ ҚАТЫНАСЫ БАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БОЙЫНША

«Асықата» Жетісай аудандық ауруханасында туыстық қатынасы бар қызметкерлердің саны 21 қызметкер, олардың ешқайсысы басшылық қызметте емес.

ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ БОЙЫНША

2024 жылдың тамыз айынан тәртіптік шара берілген қызметкерлер саны 20 қызметкер.

2025 жылдың шілде айына дейін тәртіптік шара берілген қызметкерлер саны 27 қызметкер.

Құжаттама жасау және құжаттарды ресімдеу бойынша

Кәсіпорынның бұйрықтары міндетті түрде типографиялық тәсілмен жасалған яғни, номері мен сериясы қойылған бланкілерге шығарылып жатыр. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің заңнама талаптарына сәйкес мекеме бұйрықтарында негіздемелері көрсетіліп шығарылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

«Асықата» Жетісай аудандық ауруханасы, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының келісімі бойынша бекітілген ережеге сәйкес ақылы қызмет көрсетіледі.

Ақылы қызметтерден түсетін табыстар

Медициналық ұйымда демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден түскен қаражаттың (соның ішінде ақылы қызметтерден түсетін табысты) жұмсалудың сипаттайтын (реттейтін) ережесі Байқау кеңесімен келісе отырып (қанша мөлшері не нәрселерге жұмсалатынын айқындап беру арқылы) әзірленеді.

-ҚР ДС және ӘДМ 30.04.2015 жылғы № 304 «Денсаулық сақтау мекемелерінің ақылы қызмет көрсету ережесі мен тәртібі» бұйрығын

басшылыққа ала отырып және Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының бекіткен «Ақылы қызмет көрсету тарифтеріне», «Ережесіне» сәйкес, ауруханаға қарасты емхана бөлімінде ақылы қызмет көрсету арқылы қосымша қаржыландыру мақсатында науқастарға ақылы қызмет көрсетілуде. Ақылы қызметтерден түсетін табысты, дәрігерлердің заң шеңберінде кассаға жіберген науқастардан түскен қаражаттан 40%-ы дәрігерлерге жалақы ретінде беріледі. Жақсы көрсеткіш көрсеткен дәрігерлерге қосымша үстемақы төленеді, ал қаражаттың қалған 60%-ы мекемеге қажетті медициналық бұйымдар мен құрал-жабдықтарды сатып алумен қамтамасыз етіледі.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында.

Жетісай ауданы бойынша медициналық ұйымдар толығымен компьютерлік техникамен қамтылған.

Кент және ауыл орталықтары интернетке кіру мүмкіндіктері **100%** құрайды, аудан орталығының **9 ауылдық округтерінде** интернет желісімен **100%** қамтылған. Мемлекеттік медициналық ұйымдар медициналық ақпараттық жүйесіне (әрі қарай – МАЖ) қосылған.

Аурухана бойынша 2 медициналық ақпараттық жүйесі (*ДАМУМЕД, КӨМЕК*) қосылған.

Медициналық ұйымдар «Дамумед» және жедел медициналық жәрдем станциясы «Көмек» ақпараттық жүйелерімен жұмыс жасауда. «Дамумед» және «Көмек» МАЖ арасында және науқастарға сапалы әрі жедел медициналық қызмет көрсету мақсатында интеграциялау жұмыстары жүргізілген.

Дәрігерлер және орта буын қызметкерлері медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге **100%** оқытылған.

Сонымен бірге, МАЖ қолдана отырып, аудан тұрғындары түгелімен электронды паспорты қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу, дәрігерді үйге шақыру және медициналық анықтамаларды алу қызметтері электронды түрде атқарылды. Медициналық ұйымдар ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілді.

Қағазсыз құжат айналымы: Медициналық ұйымдар ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілген. (*электрондық нұсқаға ауыстырылған - Көлік құралдарын басқаруға рұқсат беру туралы медициналық анықтама, - алдын ала медициналық тексерілуден өту, еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама, еңбекке жарамсыздығы туралы парағы және т.б.*)

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Денсаулық сақтау қызметкерлерін (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралын ендіру 2023 жылдың бірінші жартыжылдығынан толық іске асырылуда;

2. Ауруханаға қарасты денсаулық сақтау ұйымдарының аға дәрігерлерін ротациялау:

Аудан аумағында ауруханаға қарасты денсаулық сақтау мекемелерінде аға дәрігерлері ұзақ жылдары бойы (**5 жылдан астам**) бір ұйымды басқаруы, сыбайлас жемқорлық жағдайларына алып келу қаупі орын алады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» мүдделер қақтығысы (жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін).

Мүдделер қақтығысы адамның немесе ұйымның жеке мүдделері олардың іс әрекеттері, пікірлері және / немесе шешімдер қабылдауы объективті бола алмайтындығы туралы сұрақ туындаған кезде пайда болады.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д.Малаховтың 17.08.2023 жылғы № 3-3-2/7159-И шығыс хатына сәйкес басшы орынбасарлары мен бөлім басшыларының функционалдық міндеттерін сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын басшы орынбасарлары Е.Сопбеков, Е.Абдираимов, Н.Смайлов, Д.Абдиевтың лауазымдық міндеттерінде ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілді, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Г.Саковтың лауазымдық міндеттеріне әкімшілік-шаруашылық функциялары бар.

Мемлекеттік сатып алу бойынша

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандарына жүргізілетін сатып алуларды қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнама талаптарының аясында жүргізу, оның ішінде сатып алатын тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды «ұсақтауды» болдырмау жүктелген.

Сонымен қатар, сатып алатын тауарлар, қызметтер мен жұмыстардың техникалық ерекшеліктерін ашып жазу және мұндай сатып алу қажеттілік (негіздемені) растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алу веб-порталына мерзімінде орналастырған.

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

1) Кәсіпорынның ЖШС "AlmaEco" түзген 091040000395/210640022917 2025-06-11 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 2030000 теңгені құрайды.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған қызметкерлерді шетелде даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы Заңының 16-бабының 3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес жүргізген.

2) Кәсіпорынның Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалымен түзген 091040000395/150741019744 2025-03-26 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 202367.00 теңгені құрайды.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған қызметтерді Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес жүргізген.

3) Кәсіпорынның Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен түзген 091040000395/110340017483 2025-03-27 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 161607.14 теңгені құрайды.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған қызметтерді Біртекті тауарларды сатып алу туралы заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасында, егер мұндай ұқсас тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі бір жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерден аспаса, егер осындай ұқсас жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса тікелей шарт жасасуға рұқсат беріледі.

Басшының медициналық
қызметтердің сапасын бақылау
жөніндегі орынбасары

Н.Б.Смайлов

Басшының емдеу ісі жөніндегі
орынбасары

Е.С.Сопбеков

Басшының емдеу ісі жөніндегі
орынбасары

Е.Е.Абдираимов

Басшының ана мен бала денсаулығын
қорғау жөніндегі орынбасары

А.М.Дарменова

Провизор

Р.Т.Агайдарова

Бас есепші

Б.А.Бекаева

Мемлекеттік сатып алу есепшісі

К.Ж.Намиалиев

Заңгер

Д.С.Джанабекова

Мамандар бөлімінің инспекторы

Д.Б.Тилемисова